

Энергетический ауылдық округінің жаңа көшелеріне атау беру туралы

Алматы облысы Іле ауданы Энергетический ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 15 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылды 4 желтоқсанда № 4403 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Энергетический ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, 2017 жылғы 3 шілдедегі Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Энергетический ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Энергетический ауылдық округінің жаңа көшелеріне келесі атаулар берілсін:
 - 1) Қарасу ауылының шығысында орналасқан бірінші көшеге "Астана", екінші көшеге "Ынтымак", үшінші көшеге "Достық", төртінші көшеге "Бірлік", бесінші көшеге "Болашақ", алтыншы көшеге "Жетісу", жетінші көшеге "Шұғыла", сегізінші көшеге "Тәуелсіздік", тоғызыншы көшеге "Жібек жолы", оныншы көшеге "Желтоқсан", он бірінші көшеге "Көкқайнар";
 - 2) Өтеген батыр ауылы "Арман" ықшам ауданының шығысында орналасқан бірінші көшеге "Бейбітшілік".
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Энергетический ауылдық округі
әкімінің міндеттін атқарушы

С. Закиржанов